



# Magzhan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 15 (917) 16 сәуір 2026 жыл

[www.facebook.com/Magzhan\\_zhuldizi](https://www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi) <https://www.instagram.com/magzhan-zhuldizi/> e-mail: [magzhan.zhuldizi@yandex.kz](mailto:magzhan.zhuldizi@yandex.kz)

ПРЕЗИДЕНТ

## ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ ТАМЫЗ АЙЫНДА ӨТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғалымдарды марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзінде Құрылтай сайлауы тамыз айында өтетінін айтты.

«Мемлекет басшысы ретінде еліміз үшін елеулі оқиғалар туралы алдын ала ақпарат беру өте маңызды деп санаймын. Конституция күшіне енген сәттен бастап бір палаталы Құрылтай сайлауын өткізу жөніндегі Жарлыққа қол қоямын. Сайлау биыл тамыз айында өтеді. Мұны әдейі ерте айтып отырмын. Өйткені партиялардың жоспарларын айқындап, сайлау науқанына дайындық жүргізуіне жеткілікті уақыты болуы керек. Осылайша, партиялардың сайлаушылармен тиісті жұмыс жүргізуіне бес айға жуық уақыт беріледі», деді Мемлекет басшысы.

Оның айтуынша, Құрылтай сайлауы Қазақстанның бүкіл саяси жүйесін жаппай «қайта құруға» жол ашады.

«Бұл ретте біз жүзеге асырып жатқан саяси және экономикалық реформалар қоғамдық сананың оң сипатта өзгеруіне әсер етуге тиіс. Мен мұның маңызы жөнінде бірнеше рет айттым», деді Президент.

ТАҒАЙЫНДАУ

## МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖАҢА БАСШЫСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Тағтай Салкеев арнайы кезін, аудан активіне жаңадан тағайындалған мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы - Мұратбек Самат Оралбекұлыны таныстырды.

Самат Оралбекұлының кәсіби тәжірибесі мол: салық қызметіндегі еңбек өтілі 20 жылдан асады. Осы тағайындауға дейін ол Ақжар ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы қызметін атқарған. Жоғары кәсібилігі мен мемлекеттік кірістер органдарының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін 2025 жылы «Салық қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Аудан әкімі Смағұлов Рахат Назымбекұлы және аудан активі Самат Оралбекұлыны жаңа қызметімен құттықтап, жаңа лауазымында табысты әрі нәтижелі еңбек тіледі. Сондай-ақ бюджет кіріс бөлігін қамтамасыз ету және ведомстворалық өзара іс-қимылды нығайту бойынша басым міндеттер айқындалды.

2026 - ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ

## MAGZHAN CREATIVE & IT CENTER – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ



10 сәуір күні Булаев қаласында аудандық Мәдениет үйінде креативті және цифрлық технологиялардың заманауи орталығы — MAGZHAN Creative & IT Center-дің салтанатты ашылуы өтті.

Аталмыш шараның құрметті қонақтары ретінде облыс әкімі аппаратының басшысы Руслан Әлішев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Екатерина Смышляева, Astana Hub өңірлік даму кеңсесінің директоры Диан Айбапханов, облыс әкімінің кеңесшісі Закиржан Мамлют, SKO Hub басшысы Нұрғұл Болатова, сондай-ақ СҚО әкімдігінің цифрлық технологиялар басқармасы бөлімінің басшысы Нұржан Тоқбаев қатысты.

MAGZHAN Creative & IT Center негізгі тұжырымдамасы - дағдыларды монетизациялау үшін жағдай жасау болып табылады. Бұл жай ғана білім беру алаңы емес, бизнеске бағытталған хаб. Жасақталған спикерлер тобы Мағжан Жұмабаев ауданының экономикасына жұмыс жасай отырып, табыс әкелетін және инвестиция тарта алатын жобалар құруға ниет білдіргендердің барлығын оқытатын болады.

Орталық құрылымында бірнеше жоғары технологиялық аймақтар іске асырылды. IT-сыныпта және бағдарламалау аймағында аудан тұрғындары заманауи код тілдерін және жасанды интеллектпен жұмысты меңгері алады. Атап айтқанда, Булаев қаласындағы кәсіптік даярлау және сервис колледжінің студенттері ЖИ презентациялар жасауға және оқу материалдарын дайындауға қалай көмектесетінін көрсетуде, бұл білім беру процесінің тиімділігін айтарлықтай арттырады.

Технологияларды қолданбалы қолдануға ерекше көңіл бөлінеді. 3D-басып шығару және робототехника аймағында ауыл шаруашылығы техникасына арналған бөлшектерді жедел дайындау мәселесі шешілуде – аграрлық аудан үшін аса маңызды міндет. Сонымен қатар, ұшқышыз ұшу аппараттары аймағында жастар дрондарды басқаруды және заманауи ауыл

шаруашылығында сұранысқа ие аймақтың цифрлық карталарын жасауды үйренеді.

Шығармашылық мамандықтардың өкілдері үшін медиа-аймақ және кәсіби дыбыс жазу студиясы ашылды. Мұнда визуалды мазмұнмен жұмыс істеуге және аранжировка үшін ЖИ көмегімен авторлық композицияларды жазуға болады. Орталықтың заманауи инфрақұрылымы 3D-визуализациядан бастап жоғары сапалы аудио мазмұнды жазуға дейінгі кез келген күрделілік жобасын іске асыруға мүмкіндік береді.

Заманауи технологиялар мен спорт әуесқойлары VR, Game аймақтары мен киберспорт кеңістігін жоғары бағалады. Орталық базасында танымал пәндер бойынша командалардың жаттығулары және геймдев саласындағы өзіндік тәжірибелерін тусуәкесерлері етіп жатыр. Бұл ретте орталық дестүрлі қолөнер үшін де ашық болып қалады: қолданбалы шеберлік аймағында саздан, ағаштан және металдан жасалған жергілікті қолөнершілердің бұйымдары ұсынылған.

MAGZHAN Creative & IT Center облыс орталығына бармай-ақ үздік техникаға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, барлық азаматтар үшін тартылыс нүктесі болуға тиіс. Булаев тәжірибесін дамыту мақсатында жақын арада осындай ұқсас IT-орталықтар ауданның тағы үш ауылдық округінде ашу жоспарлануда.

Осылайша, MAGZHAN Creative & IT Center жастар мен аудан тұрғындары үшін білім алудан бастап, өз жобаларын іске асыруға дейін жаңа мүмкіндіктерге ашып отыр.

Орталықтың жұмысымен жақынырақ танысу үшін @itcenter.magzhan атты Instagram парақшасындағы аккаунтына жазылып, қажетті ақпарат алыңыздар.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



«ҚОЛЖЕТИМДІ ИНТЕРНЕТ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ

# ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРҒА САПАЛЫ ИНТЕРНЕТ КЕЛЕДІ



*Аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша жұмыс кеңесі өтті. Кеңес барысында «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында «Транстелеком» АҚ-мен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жоба қаралды. Жоба халықты тұрақты байланыс және интернетпен қамтамасыз етуге бағытталған.*

Ынтымақтастық ауданның телекоммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға, заманауи байланыс қызметтеріне қолжетімділікті кеңейтуге, сондай-ақ IT-жобаларды ілгерілетуге бағытталған. Ауылдарда интернетті бірнеше жолмен өткізуді жоспарланып отыр.

Мәселен, GPON технологиясы - интернет соңғы тұтынушыға классикалық сымдардың көмегімен жеткенде, радио көпірлер технологиясы, антенналар ауылдың бір нүктесінде орнатылғанда және интернет халыққа әуе арқылы жеткенде, үйлерде шағын антенна қабылдағыштары орнатылады, осылайша халық өз үйінде толыққанды интернетке қол жеткізе алады.

Сондай-ақ, қашықтыққа байланысты Интернетті пайдалану мүмкіндігі жоқ ауылдарда Starlink көмегімен интернетті пайдалануды қарастырылуда.

Алғашқы пилоттық жоба ретінде Авангард ауылдық округінің Достық ауылында GPON технологиясы бойынша үй шаруашылықтарын жоғары жылдамдықты Интернетке қосу жоспарланған. Алғашқы абоненттерді Интернет желісіне қол жеткізу қызметтеріне қосу 2026 жылдың сәуір айының соңына дейін жоспарланып отыр. Алдағы уақытта жоба Мағжан Жұмабаев ауданының аз қоныстанған елді мекендеріне масштабталатын болады. Бұл бағытты іске асыру - бүгінгі таңда Интернет желісіне қол жетімділігі жоқ аумақтарды қысқартуға мүмкіндік береді. Кеңес қорытындысы бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, жобаны аудан аумағында одан әрі іске асыру бойынша тиісті тапсырмалар берілді.

16 СӘУІР - ТҮРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

## ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МОЛ САЛА

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 11 маусымдағы № 189 бұйрығымен 16 сәуір - Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы қызметкерлерінің күні кәсіби мерекесі енгізілді. Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық саласында ста-тистика бойынша екі жүз мыңнан астам мамандар мен инженерлік-техникалық қызметкерлер еңбек етеді, оларға тұрғын үй қорын күтіп ұстау және абаттандыру үшін жауапкершілік жүктелген.

Коммуналдық қызметкерлердің күнделікті қажырлы еңбегі көп жағдайда көзге көрінбейді. Алайда дәл осы қызметсіз біздің жайлы өмірімізді елестету мүмкін емес. Әр үй мен пәтердегі жылу, жарық, тазалық пен тәртіп - осы сала мамандарының тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Олардың кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігі адамдардың өмір сүру сапасы мен қоғамдағы тұрақтылықтың маңызды негізі болып табылады.

Ауданда ТКШ қызметіне жауапты мекеме - тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі болып табылады.

Ауданда барлығы 61 қазандық бар, оның ішінде 1 орталық, 7 жергілікті, 53 автономды. Көппәтерлі тұрғын үйлерді, сондай-ақ әлеуметтік нысандарды жылумен қамтамасыз ету бойынша қызметтерді «АгроПрофи» ЖШС, «Булаев Су» ЖШС және «Сапронат» ЖШС көрсетеді.

Аудан аумағында 2 көмір орналастыру станциясы бар: «Юна LTD» ЖШС, «Қызыл-ту Көмір» ЖШС.

Жалпы 2025-2026 жылғы жылыту маусымы штаттық режимде, акаусыз жүзеге асырылды.

НПС кентіндегі орталық қазандыққа «Булаев Су» ЖШС қызмет көрсетеді. 2024 жылы «Қостанай қазандық зауыты» ЖШС өндіретін жаңа блоктық-модульдік қазандық сатып алынып, орнатылды. Ұзындығы 2,2 км жылу трассасына күрделі жөндеу жүргізілді. Жеткізуші «Интеграл-Север» ЖШС, жалпы сомасы 50 млн теңге.

Сондай-ақ Булаев қаласындағы Элеваторная көшесіндегі қазандық, қазандықтарды сатып алуға облыстық бюджеттен 4 984,0 мың теңге бөлініп, қазандық орнатылды.

Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында Булаев және Возвышен АЭС желілерінің тарату базасы орналасқан. Булаев АЭС 35/10 кВ 14 төмендету қосалқы станциясына, сондай-ақ 110/35/6 кВ Булаев-Нефть тораптық қосалқы станциясына қызмет көрсетеді.

2017 жылдан 2023 жылға дейін электр желілерін СИП маркалы сымдарына ауыстыру жүргізіліп, барлығы 48,379 км жөнделді.

Сондай-ақ, үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету бойынша жыл сайын халықты электрмен жабдықтауды жақсарту үшін ағымдағы жөндеулер жүргізіледі. Электр беру желісін тарту және ағаштарды кесу бойынша пайдалану жұмыстары жүргізіледі.

2025 жылға арналған электрмен жабдықтау және көше жарығын жөндеуге аудандық бюджеттен 147 045,0 мың теңге бөлінген: Ауданның елді мекендерін көше жарығына қызмет көрсету - 18,0 млн. теңге; Көшені жарықтандыруға арналған шамдарды сатып алуға - 18,0 млн. теңге; Электр энергиясын төлеуге - 107 045,0 мың теңге; ТКШ бөлімін жабдықтауға, электр желілерін ағымдағы жөндеуге - 5,0 млн. теңге.

2026 жылы электрмен жабдықтау және көше жарығын жөндеуге аудандық бюджеттен электр беру желілеріне қызмет

көрсету үшін - 5,0 млн. теңге бөлінді.

Ауданның елді мекендерін көше жарығымен қамтамасыз етудің жалпы пайызы 76% құрайды. Ауданда 53 елді мекен бар, оның ішінде 33 ауыл 100% жарықтандырумен қамтамасыз етілген. Бүгінгі таңда жалпы ұзындығы 300 шақырымды құрайтын барлығы 4024 шам орнатылған.

Мағжан Жұмабаев ауданындағы елді мекендерді орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету ұзындығы 659 км «Есіл су» РМК Булаев магистральдық су құбыры басқармасымен және 423,4 км тарату желісімен ұсынылған.

2018-2021 жылдары су тарату желілерін қалпына келтіру және жаңа салу бойынша үлкен жұмыс жүргізіліп, барлығы 20 елді мекен қамтылды.

2025 жылы сумен жабдықтауды жөндеуге 472 298,8 мың теңге (облыстық бюджеттен 456 798,8 мың теңге, аудандық бюджеттен бюджет 15,5 млн. тг) бөлінді. Соның арқасында 15 жоба іске асты.

2026 жылы сумен жабдықтауды жөндеуге облыстық бюджеттен 168 657,0 мың теңге бөлінді, соның нәтижесінде жеті жоба бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Сондай-ақ сумен жабдықтау объектілерін жөндеуге қосымша ЖСҚ әзірленді. Бюджет қаражаты бөлінген кезде олар іске асырылатын болады.

Қорытындылай келе, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының қызметкерлері тәулік бойы ел халқын жылумен, электр энергиясымен, сумен қамтамасыз



етеді, көшелердің тазалығын қадағалайды, сондай-ақ елдің тұрғын үй қорын басқарады, осылайша азаматтардың қолайлы және жайлы өмір сүруіне жағдай жасайды.

Ел, аудан үшін қиын-қыстау кезеңдерде бұл саланың қызметкерлері төтенше жағдайлар қызметкерлерімен бірге табиғат апаттарымен күресуде азаматтардың көмегіне мұқтаж болса, ерқашан қасында болады.

Кәсіби мереке күні аудан аумағында қызмет ететін барлық ТКШ кәсіпорындарына тұрақты даму, жаңа жетістіктер мен табыстар, еріп-төстерге мықты денсаулық, отбасылық амандық, көтеріңкі көңіл күй, еңбекте қуаныш пен шабыт тілеймін.

**Асхат ҚЫРАУБАЕВ,**  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы.

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ»

## «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»: ЖАЙЛЫ ОРТА ЖӘНЕ БАЗАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ТЕҢ ҚОЛЖЕТИМДІЛІК

*«Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Жолдауында Мемлекет басшысы: «Басты мақсат – қаеаз бетіндегі биік көрсеткіштерге қол жеткізу емес, халықтың өмір сүру сапасын нақты арттыру», – деп атап көрсетті. Бұл міндетті іске асыруда «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасының маңызы ерекше.*



Жобаның басты мақсаты – ауылдық елді мекендерде жайлы өмір сүру ортасын құру және азаматтардың базалық қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету. Осылайша, бағдарлама ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға және ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған.

2020–2025 жылдары бағдарлама аясында 26 жобаны іске асыруға 4,3 млрд теңге бөлінді. Советское, Жастар және Молодогвардейское ауылдарында сумен жабдықтаудың тарату желілерін реконструкциялау жұмыстары жүргізілді. Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мақсатында Полудино, Возвы-

шенка, Советское, Надежка, Қарағанды, Қарақоға, Бөйтерек, Полтавка ауылдарында кентішілік жолдарды орташа жөндеу жобалары іске асырылды, жөнделген көліктілік жолдардың жалпы ұзындығы 25 шақырымнан асты. Полудино және Чистовское ауылдарындағы мектептер, Қарақоға ауылындағы «Балапан» балабақшасы, Полудино ауылындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы жөнделді. Таманское, Советское және Қарақоға ауылдарындағы Мәдениет үйлеріне күрделі жөндеу жүргізілді.

2025 жылы келесі жобалар аяқталды: «Октябрьское ауылында тарату желілерін және су құбыры құрылыстарының алаңын салу» – жобаның жалпы сомасы 428,7 млн теңгені құрады; «Чистовское ауылындағы

Интернациональная көшесін орташа жөндеу» – 2,25 шақырым асфальт төселіп, жол белгілері орнатылды, таңбалар салынды, жоба сомасы – 161,5 млн теңге; «Лебязье ауылының кентішілік жолдарын орташа жөндеу» – ұзындығы 1,8 шақырым асфальт төселді, жоба сомасы – 100,5 млн теңге.

«Қарағанды ауылындағы Рабочая, Рижская, Ленин көшелеріне; Надежка ауылындағы Мир, Калинин, Ново-Лесная көшелеріне орташа жөндеу жүргізу» жобасы бойынша жұмыстар басталды. Өткен жылы осы мақсаттарға 50 млн теңге бөлінді.

Аудан халқының саны 25,7 мың адамды құрайды, оның 67%-ы ауылдық жерлерде тұрады. Тұрғындармен кездесулер

барысында инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселесі жиі көтеріледі.

«Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы өз тиімділігін дәлелдеді: бес жыл ішінде ауылдардан халықтың жаппай көшу үрдісін тоқтату мүмкін болды – көші-қон көмуі 2019 жылмен салыстырғанда 18%-ға төмендеді. Соған қарамастан, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым тапшылығы әлі де кедергі болып отыр.

Бүгінгі басты міндет — қарқынды бөсеңдетпей, әрбір аудан тұрғыны өз ауылының назардан тыс қалмағанын сезінуі үшін ауылдықтардың нақты сұраныстарымен жұмысты жалғастыру.

**Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі.**

11 сәуір күні аудан аумағында «Таза Қазақстан» акциясы аясында кезекті сенбіліктеміп, оған мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың ұжымдары, кәсіпкерлер мен тұрғындар, жастар мен өріктілер қатысты.

Бұл күні абаттандыру жұмыстары елді мекендердің басты ғимараттары мен көрікті жерлерінде жүргізілді.

Булаев қаласында өткен сенбілікте тазалық жұмыстары бірден үш алаңда жүргізілді: «Шанхай» дүкеніне қарамақарсы саябақта, теміржол вокзалы маңындағы саябақта және «Достық» саябағында. Қатысушылар аумақтарды тазалауға белсенді қатысып, тәртіп орнатып, туған қаланың тазалығын сақтауға өз үлестерін қосты.

Сондай-ақ бұл күні қоқыс шығару үшін арнайы техника тартылып, апатты ағаштарды кесу және көшелерді абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Сенбілік соңында «Достық» саябағында қатысушылар үшін дастархан жайылып, тұрғындар ыстық шай ішіп, тәттілерден дем татты.

Тазалық әрқайсымыздан басталады. Туған жерімізді бірге көркейтейік!

Мағжан Жұмабаев ауданы өкімінің баспасөз қызметі.

## ТУҒАН ЖЕРІМІЗДІ БІРГЕ КӨРКЕЙТЕЙІК!



САҢ МЕН ТӨРТП

## ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ – ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАҢЫЗДАР!

Өртке адам – орманда отпен жұмыс істегенде және дем алғанда оның бейберекеттілігі себепші болып табылады.

Жайма-шуақ күндер келген соң көбі орманға тынығуға шығады. Алайда адамдардың абайсыздығы, ұқыпсыздығы кейде табиғат үшін жойқын өртке айналуы мүмкін. Біздің өңірге құрғақ және желді климат, шөптесін өсімдіктердің көп болуы тән және де бұл өртің үлкен аумаққа таралуына мүмкіндік береді. Сондықтан өздеріңізден кейін орманда қоқыс, бос бөтелкелер қалдыруға болмайды, өйткені күн сәулелері бөтелке арқылы кызып, құрғақ шөптің тұтануын тудыруы мүмкін.

Мағжан Жұмабаев ауданының

Жыл сайын өрт қауіпті кезең басталғанда, қолайлы орташа тәуліктік ауа температурасы орнағанда өртен жағдай күрт ұшығады. Өрт кез-келген жерден пайда болуы мүмкін, тек болмашы бір саңлау тапса болғаны. Әдетте осы мезгілде жаппай рұқсатсыз құрғақ шөп пен қоқысты жағу, тұрғындардың табиғатқа демалуға шыққан кезде от жағу және темекі шеккенде абайсыздық орын алады.

төтенше жағдайлар бөлімі ормандағы өрттердің алдын алу мақсатында аудан тұрғындары мен қонақтарын өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауы қажеттілігін естеріңізге саламыз:

- өрт қауіпті кезеңінде орман алабында көлік құралдарының болуын және кіруін шектеу;

- өрт қауіпті кезеңде елді мекендердің аумақтарында, орман және дала алқаптарында от жағуға, құрғақ шөпті, қоқыс және қалдықтарды өртеуге жол

бермеу;

- арнайы бөлінген орындарда ғана дем алу;

- орман алқабында жанып тұрған сіреңкени, темекі тұқылын, ыстық күл және шыныны тастамау;

- орманды тұрмыстық, құрылыс өнеркәсіптік және өзге де қалдықтармен және қоқыстармен ластанбау;

- орманға, қорғалатын және көгалдандырылған орман екпелеріне іргелес жер учаскелерінде тұрақты бақылаусыз

шөпті күйдірмеу.

Тек өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау және уақтылы орындау өрт қауіпті кезеңде өрттерді және олардың жойқын салдарын болдырмауға мүмкіндік береді.

Темекі шегушілер - **ТЕМЕКІ ТҰҚЫЛЫН СЕНДІРІНІЗДЕР!** Ойлаңызыдаршы, СІЗ бөтен мүліктің жойылуына, ал кей жағдайда адам өліміне өріксіз кінәлі болуыңыз мүмкін.

**Табиғатты сақтаңыздар, өртен ойнамаңыздар, ол оны кешірмейді!**

Өрт белгілері анықталған жағдайда өрттің орнын және мекенжайын көрсете отырып «101» және «112» телефонына қоңырау шалыңыз.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

### АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫН ЖАЮ ЖӘНЕ ҰСТАУ ТӘРТІБІ

Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады. Атап айтқанда, ол Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 30 маусымдағы № 4/13 шешімімен бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларымен реттеледі.

Осы Қағидалардың күші ауыл шаруашылығы жануарларының меншік құқығында, шаруашылық жүргізу, жедел баққару немесе өзге де заңды негізде ауыл шаруашылығы жануарлары бар барлық ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне, жеке немесе заңды тұлғаларға қолданылады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 18-02/909 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу және мал жаю қағидаларына сәйкес айқындалады.

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюды қоршалған немесе қоршалмаған жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларының иелері не олар уәкілеттік берген адамдар жүзеге асырады.

Ауыл шаруашылығы жануарларын жайылым орнына дейін және кері, ал тәуліктің қараңғы және түнгі уақытында ұстау орнына дейін айдау (айдап жүру) ауыл шаруашылығы жануарларының иелерінің не олар уәкілеттік берген адамдардың сүйемелдеуімен жүзеге асырылады.

### Рұқсат етілетін:

- 1) Ауру ауыл шаруашылығы жануарларын (оның ішінде зиянды аурулардан зардап шеккендерді) жаю;
- 2) міндетті ветеринариялық рәсімдерден (оның ішінде вакцинациядан) өтпеген ауыл шаруашылығы жануарларын жаю;
- 3) ортақ пайдаланылатын жерлерде, темір және автомобиль жолдарының бөлінген белдеулерінде, су қорғау белдеулері мен санитариялық қорғау аймақтарының шекараларында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю;
- 4) су қорғау аймақтары шегінде жүктеме нормасынан асытын ауыл шаруашылығы жануарларын жаю, малды шомылу және санитарлық өңдеу және су айдындарының режимін нашарлататын шаруашылық қызметтің басқа да түрлері;



5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіріс жаю;

6) ауыл шаруашылығы жануарларының иелерінің не олар уәкілеттік берген адамдардың ілесіп жүруінің ауыл шаруашылығы жануарларын жайылымға дейін және кері айдау (айдап жүру), жайылымға жіберу, сондай-ақ орнын ауыстыру.

Иелерінің немесе жауапты тұлғалардың еріп-жүрісіз жылжитын ауыл шаруашылығы жануарлары қадағалаусыз деп есептеледі және иелері анықталғанға дейін уақытша ұстау орындарына қамалуға тиіс.

Ұсталған қараусыз ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау және иелеріне қайтару тәртібі, сондай-ақ иелерінің жауапкершілігі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің «Қараусыз жануарлар» 246 бабына сәйкес айқындалады:

«1. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам оларды меншік иесіне қайтаруға, ал егер оның өзі немесе тұрған жері белгісіз болса, осындай жануарларды ұстаған кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы ішкі істер органдарына немесе республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың,

облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына мәлімдеуге міндетті, олар меншік иесін іздегісіз шараларын қолданады.

Жануарлардың меншік иесін іздегісіз кезеңінде жануарларды ұстаушы адам оларды өзінің бағуында және пайдалануында қалдыруы, не ол бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар басқа адамға тапсыруы мүмкін. Жануарларды ұстап алған адамның өтініші бойынша оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар адамды іздеп табуды және оларға жануарларды беруді республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

2. Жануарларды ұстап алған адам және олар бағуы мен пайдалануына берілген адам жануарлардың өлім-жітімі мен іске жарамай қалғаны үшін бұған кінесі болған кезде ғана және сол жануарлардың құны мөлшерінде жауапты болады.

3. Егер жұмыс малы мен ірі қараны ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде - екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға

меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға көшеді.

Бұл адам бағуында болған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан жағдайда олар коммуналдық меншікке түседі және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың тиісті жергілікті атқарушы органдары белгілейтін тәртіп бойынша пайдаланылады.

4. Жануарлар басқа адамның меншігіне қайтарған ретте жануарларды ұстап алған адам және жануарларды бағуы, пайдаланып келген адам сол меншік иесінен жануарларды пайдаланудан алынған пайданы есепке жатқыза отырып, оларды бағуға байланысты өз шығындарына өтем алуға құқылы.

5. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам олардың меншік иесінен осы Кодекстің 245-бабының 6-тармағына сәйкес сыйақы төлеуді талап етуге құқылы.

6. Жануарлар басқа адамның меншігіне көшкеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген ретте сол жануарлардың өзіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін жағдайлар болған кезде меншік иесі жаңа меншік иесімен келісім бойынша белгіленетін шарттармен, ал келісімге келмеген кезде - сот арқылы оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

Қараусыз ауыл шаруашылығы жануарларын уақытша ұстау үшін айыппұл тұрағы ретінде пайдаланылатын арнайы үй-жайлар беріледі. Булаев қаласында бұл айыппұл тұрағы Комаров көшесі, 20 үйде орналасқан.

Айыппұл тұрағында болған кезеңде малды ұстағаны үшін төлем меншік иесіне жүктеледі.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің «Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзу» 408 бабына сәйкес, ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзу:

1. Үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
2. Жеке тұлғалардың мүлкіне нұқсан келтіруге әкеп соққан дәл осындай әрекет – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Булаев қаласы өкімінің аппараты.

САРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНАН

МЕРЕЙТОЙ



## ЕҢБЕГІ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНДЫ

Жуырда Петропавлда облыстық ардагерлер ұйымының ІХ есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Маңызды жиына облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов, «Ардагерлер ұйымы» РҚБ орталық кеңесінің төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетов, өңірдің түкпір-түкпірінен келген аға буын өкілдері қатысты.

Шара барысында облыстық ардагерлер ұйымының есепті кезеңде атқарылған қызметі тыңдалып, қазыналы қарттардың аймақтың дамуына қосқан үлесі зор екені атап өтілді.

Сонымен қатар, алқалы жиында облыстың дамуына зор үлес қосқан аға буын өкілдері марапатталды. Соның ішінде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов Ардагерлер ұйымы» РҚБ орталық кеңесінің Алғыс хатымен марапатталды.

«Күрметті Оралбай Шәріпұлы! «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесі Сіздің қариялардың әлеуметтік жағдайын қорғаудағы, жастарға терең білім, патриоттық және адамгершілік тәрбие берудегі зор еңбегіңіз үшін шынайы алғысын білдіреді.

Сіздің белсенді өмірлік ұстанымыңызға, туған жерге деген сүйіспеншілігіңізге, егеменді еліміздің дамуына қосып жүрген үлесіңізге ризамын.

Сізге және отбасыңызға мықты денсаулық, есендік, бақыт пен береке тілейміз», - делінген Алғыс хатта.

Осылайша, облыста атқарылып жатқан ілкімді істер мен ардагерлер кеңесінің жұмысы жоғары бағаланды.

«АҚ БИДАЙ - 2026»

## ВОЛЕЙБОЛДАН ҚЫЗДАР ҚҰРАМАСЫ - ФИНАЛҒА ЖОЛДАМА ҰТЫП АЛДЫ



10–12 сәуір аралығында Айыртау ауданының Саумалкөл ауылында «Ақ бидай – 2026» облыстық жазғы спорттық мерекесі аясында әйелдер командалары арасында Волейболдан аймақтық жарыс өтті.

Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы аталмыш додада жоғары дайындығын, өзара ұйымшылдығын және нағыз командалық рухтарын көрсетті.

Топтық кезеңде біздің спортшылар Айыртау, Қызылжар және Уәлиханов аудандарының командаларымен кездесті. Табандылықтың, шеберліктің және жеңіске деген ұмтылыстың арқасында команда іріктеу кезеңінен сенімді өтіп, жарыстың финалдық кезеңіне жолдама алды.

Финалдық ойындар ағымдағы жылдың шілде айында Шал ақын ауданында өтеді.

Спортшыларымызды лайықты нәтижелерімен құттықтаймыз және финалда сәттілік пен жаңа жеңістер тілейміз!

Қанат МҰСАТАЕВ,

дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

# ЕҢБЕК АРДАГЕРІ – 90 ЖАСТА

Өткен аптада «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Тыңға - 50 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске - 65 жыл», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған Вячеслав Константинович Ярмольчук тоқсан жылдық мерейтойын атап өтті.

Осы бір айтулы оқиғаға орай, Возвышен ауылдық Мәдениет үйінде салтанатты іс-шара өтіп, оған аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов, ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, оның орынбасары Серік Ысқақов, округ әкімінің ұжымы, ауыл тұрғындары қатысты.

Вячеслав Константинович - өзінің жанқиярлық және жемісті еңбегімен, белсенді өмірлік ұстанымымен және пайдалы қоғамдық өмірімен үлкен құрметке ие болды. Тың игеруге қатысып, партияның аудандық комитетінде, құрылыста жұмыс істеді, Возвышен ауылдық кеңесінің төрағасы болды.

Ол көп жыл қажырлы еңбек етіп, құрметті демалысқа шыққаннан кейін де қоғамдық өмірден тыс қалмады. Қария - Возвышен ардагерлер кеңесінің басқарды және өзінің ауылдық округі үшін осы қызметте көптеген пайдалы істер жасады.

В.К. Ярмольчуктың өмірі мен еңбегі - азаматтық пшайып патриотизмінің үлгісі. Ал оның мерейтойы - өскелең ұрпаққа лайықты үлгі көрсетудің жарқын мысалы.

Серік ЫСҚАҚОВ.



АКЦИЯ

Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы «Құқықтық дәріхана» акциясы аясында полиция бөлімінің және жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлерімен бірлесіп, апта сайын сейсенбі күндері аудандық Мәдениет үйінде аудан тұрғындарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

2026 жылдың 14 сәуірінде аталған акция шеңберінде аудандық бұқаралық ақпарат құралдарының («Мағжан жұлдызы», «Вести» газеттері) қатысуымен азаматтар қабылданды, оның барысында келіп түскен барлық мәселелер бойынша түсініктемелер берілді.

Жеке қабылдау барысында қаңғыбас иттерге қатысты шаралар қабылдау, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің жанында қосымша жол белгілерін орнату, сондай-ақ Луговая көшесі бойынша аудандық емхана бағытында жолды қайта жанарту туралы және басқа да сұрақтар көтерілді.

Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы.

## «ҚҰҚЫҚТЫҚ ДӘРІХАНА»



«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»

## «ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ»

«Заң мен Тәртіп» идеологиясын іске асыру аясында кәмелетке толмағандар арасында заңға құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыруға, құқықтық сананы және азаматтық жауапкершілікті арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізілуде.

2026 жылдың сәуір айында Мағжан Жұмабаев ауданы прокуратурасының бастамасымен білім бөлімімен бірлесіп ауданның барлық жалпы білім беретін ұйымдарында 8-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Құқықтық сауаттылық» іс-шарасы өткізілді.

Іс-шара «Кәмелетке толмағандардың өкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауаптылығы» тақырыбында диктант жазу нысанында өткізілді.

Іс-шара барысында қолданыстағы заңнама нормалары түсіндіріліп, қоғамдық тәртіпті сақтау талаптары жеткізілді, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың өкімшілік жауаптылығы мәселелері кеңінен қарастырылды.

Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта жүруі, буллинг, бұзақылық, вандализм, сондай-ақ арнайы қызметтерге көрінеу жалған шақырулар сияқты құқық бұзушылықтардың алдын алуға ерекше назар аударылды.

Іс-шарамен 32 мектептен 992 оқушы қамтылды. Аудан прокуратурасы оқушылар мен олардың ата-аналарын заңнама талаптарын қатаң сақтауға, өз ерекеттеріне жауапкершілікпен қарауға және қоғамдағы құқықтық тәртіпті нығайтуға үлес қосуға шақырады.

Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы.



# «ӘНІМ САҒАН, ТУҒАН ЖЕР»



Осы айтулы оқиғаға орай, орталық алаңда театрландырылған алаң құрылып, жиналған жұртшылық ерекше жоба аясында «Уақыт қапсуласы» атты тарихи сапардың куәсі болды. Бұл қойылым барысында өңірдің қалыптасу жолы, ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге дейінгі тарихи кезеңдері көрсетіліп, әр локация – өткеннің бір белесіне, әрбір көрініс – тарихтың тірі бейнесіне айналды. Осылайша, өнерін ортаға салған мағжандықтар уақыт пердесін ашып, көрерменді Ұлы Даланың терең тарихына жетеледі.

Алдымен облыс орталығынан келген құрметті қонақтарды алаңның басынан салт ат мінген Батыр Баян бейнесіндегі батырлар мен жүйрік тазы жетелеген бозбалалар қарсы алып, оларды қойылым орнына алып келді.

Алғашқы көрініс Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевтың ескерткіші жанында өтіп, онда Ұлы даланың ежелгі көшпенділер өмірі көрсетілді. Шынында да бұл көзнен көрінбейтін – еркіндік пен кендіктің, табиғатпен үйлесім тапқан өмір салты.

Алаңда киіз үй мен алатыбақан құрылып, қой сойылып, бауырсақ пісірілді. Қонақтарға қымыз ұсынылып, жиналған халық тұсау кесу рәсімін тамашалады. Сондай-ақ көрермен назарына сәбиді бесікке бөлеу, күбі пісу, ұршық иіру, бес асық пен тоғыз құмалақ ойындары ұсынылды. Сонымен қатар, мерекелеу көлушілер, өсіресе, балалар үшін облысымыздың аумағында алғаш рет жылқы қолға үйретілгенін паш өтетін жылқы жануарын, бес қазының бірі – тазыны, төрт түлік малдың бірі – қойларды өз көзімен көріп, қолымен ұстауға мүмкіндік болды.

Киіз үй – халқымыздың даналығы мен турмысының айнасы болса, алтыбақан – жастықтың шаттығы мен ұлттық дәстүрдің көрінісі емес пе?! Дәл осы жерде қазақтың ұлттық өнері – садақ ату мен – жілік жару дәстүрі таныстырылды.

Жілік жару – қонақ куту мәдениетінің бір бөлігі, табақ тарту рәсімінде әр сүйектің өз иесі, өз мәні бар. Бұл дәстүр арқылы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіліп, отбасы мен қоғамдағы тәртіп пен сыйластық қалыптасқан. Көшпенділердің әрбір әрекеті – тәрбие, әрбір дәстүрі – тарих.

XVIII ғасыр Қазақ елі үшін үлкен өзгерістер кезеңі болды. Жергілікті халық отарлау саясатымен күресіп, отырықшылық турмысқа

*13 сәуір күні Бұлаев қаласында Солтүстік Қазақстан облысының құрылғанына 90 жыл мерейіне арналған «Әнім саған, туған жерім» атты облыстық өнер байқауы өтті. Бұл байқау шығармашылық жетістіктерді дәріптеу және мәдени-депандық саласындағы бастамаларды қолдау, ауылдық елді мекендердің тұрғындарымен жұмыс істеуді ынталандыру мақсатында ауылдық мәдениет мекемелері арасында өткізіледі. Сондай-ақ, байқау мәдениет қозғалыстарының шығармашылық әлеуетін арттыруға, кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған.*

бейімделе бастады. Салынған бекіністерде орныққан халық басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас орнатып, сауда-саттық байланыстарын нығайта түседі. 2-ші локацияда қала базарының көрінісі қойылып, сауда алаңының жұмысы көрсетілді.

Үшінші көрініс: Солтүстік Қазақстан облысының құрылуына арналды. 1936 жылдың 29 шілдесінде Қарағанды облысы екіге бөлініп, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстары құрылған. Оның аумағы 200 мың шаршы шақырымды құраған. Құрамында 25 аудан болыпты. Халқының саны 500 мыңнан асқан. Осы уақыттан бастап солтүстік өңірінде ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп қарқынды дами бастады. Егіншілік өркендеп, өңбек адамдарының маңызы артты. Бұл – өңбек пен бірліктің кезеңі еді.

Мағжандықтар осы бір кезеңді тамаша суреттеп, облыстың құрылуы бойынша өткен партия жиналысы туралы қойылым қойды.

Бұл ретте Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұв сынды Алаш қайраткерлерін сомдаған жергілікті өкілдер азаттықты аңсаған азаматтардың тілегін тамаша жеткізе білді.

Меймандар тамашалаған келесі орын – соғыс жылдарына арналды. Шынында да 1941–1945 жылдар – ел үшін ауыр сын кезеңі. Мыңдаған жерлестер майданға аттанып, туған жері мен Отанын қорғады. Тылдағы ерен еңбек те Ұлы Жеңіске үлкен үлес қосты. Бұл – ерлік пен қайсарлықтың мәңгілік тарихы.

Бұл жерде әскери шатыр құрылып, оның ішінде келушілерге қазанда пісірілген ботқадан дәм татқызып жатты. Сырнаймен әскери патриоттық өндер айтылып, бөрі қосылып, би биледі.

Тағы бір көрініс – тың игеруге арналды. 1954 жылы КСРО-да, соның ішінде

Қазақстанда жаппай тың және тыңайған жерлерді игеру басталды. 1954–1960 жылдары Қазақстанда 25,5 млн гектардан астам жер жыртылып, республика ірі астық базасына айналды. Негізгі жұмыстар солтүстік өңірлерде жүргізіліп, жүз мыңдаған адам көшіп келді.

Шексіз дала астық алқаптарына айналып, бұл үлкен үміт пен еңбектегі ерліктің уақыты болды.

Қазақ халқы алыстан тың игеруге келген отбасыларды, жастарды қарсы алып, дастарханын жайып, қонақжайлық танытты. Алаңда қойылған қойылым – соның нағыз айғағы болды.

Ал Тәуелсіз Қазақстанға арналған алаң жұртшылықты ерекше қызықтырды. 1991 жыл – Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялады. Бұл – ғасырлар бойы аңсаған арманның орындалуы еді. Конституция қабылданып, Тәуелсіз мемлекет қалыптасты. Егеменді Қазақ елі жарқын болашаққа қадам басты.

Көрермен назарына Мемлекеттік Ту мен Конституция мәкеті ұсынылып, ұлттық нақыштар безендірілген басқа да құндылықтар паш етілді.

Ал киіз төрінде қонақтар қазіргі заманауи өрі цифрлық Қазақстанның жетістіктеріне куә болды. Білімді жас мағжандықтар жасанды интелекті пайдалана отырып, түрлі қосымшалар әзірлеген екен. Робототехника саласында еңбек етіп жатқан ұстаздар мен оқушылар да өздерінің қолымен жасаған дүниелерін таныстыруға мүмкіндік алды.

Облыстан келген делегацияны Мәдениет үйіне кіре берге домбыраның сүйемелденуімен қарсы алған өнерпаздар мен ақ жаулықты әжелер төттіден шашу шашып, жолдарына ақ батасын берді. Мәдени ошақтың кіре-берісінде биыл мерейтойлары аталып өтетін ақын-

жазушылар мен қайраткерлердің өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұсынылып, дәлізде «Бұлаевец» фотокиностудиясының суреттер көрмесі қанат жайды.

Сонымен қатар, ауданның үздік қолөнер шеберлері ағаштан, гипстен, темірден, матадан және теріден жасаған құнды өнімдерін және қылқалам шеберлерінің салған картиналарын келушілер назарына ұсынып, кейбір шебер өзі жасаған бұйымдарды құрметті қонақтарға естелік кәдесый ретінде табыс етті.

Содан кейін «Әнім саған, туған жер» мерекелік концерті басталып, үлкен LED-экраннан жасанды интелект көмегімен жасалған Мағжан Жұмабаевтың туған жері туралы толғауы көрсетілді.

Би ұжымдарының «Бидай» биін орындауымен сахнаға биыл мерейтойлары аталып өткізіліп жатқан Ыбырай Алтынсарин, Дина Нұрпейісова, Жамбыл Жабаев шықты. Қазақтың асыл перзенттері жастарды өнер-білімге, ұлттық салт-дәстүр мен құндылықтарды сақтауға, бірлік пен татулыққа шақырды.

Өнер байқауында ауданның үздік өнерпаздары мен ұжымдары өнер көрсетіп, мерекелік концертті тамашалауға келген көрермендерді қуаныш пен шаттыққа бөледі.

Облыстық халық шығармашылығы және мәдени-бос уақыт қызметі орталығының директоры Жанболат Мұқанов бастап келген өділ-қазылар алқасы мағжандық өнерпаздардың өнеріне тәнті болып, Солтүстік Қазақстан облысының құрылғанына 90 жыл толуына арналған шараны жоғары деңгейде өткізгендіктерін атап өтті.

Өз кезегінде аудан өкімі Рахат Смағұлов та ауданның көркемөнерпаздарының тамаша өнер көрсетуімен құттықтап, театрландырылған қойылым ұйымдастырған мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұжымына, жан-жақтан атсалысқан барша мекемелер мен оның қызметкерлеріне алғыс білдірді.

Достық пен бірліктің, бейбіт өмір мен татулықтың белгісіне айналған мерекелік концерт жұртшылықтың көңілінен шығып, көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Ең бастысы, әрбір ән мен би туған жерге деген сүйіспеншілікті паш етіп, оның қадір-қасиетін түсінуге үгітті.

Еркін ТӨЛЕГЕН.  
Суреттерді түсірген автор.



АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

# ОБЛЫСТА ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ ЖАРИЯЛАНДЫ



рын белгіленбеген жерлерде, сондай-ақ қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде толтыруға;

- тез тұтынатын және жанғыш сұйықтардың ағуына әкелетін ақаулары бар машиналарды пайдалануға, сондай-ақ жанармай құйылып жатқан машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық отты пайдалануға;

- орман қоры жерлерінде және іргелес аумақтарда шырпыны, орман төсенішін, шөпті және басқа да орманның жанғыш материалдарын өрттеуге;

- орман қоры аумағында ашық отпен жұмыстар жүргізуге;

- ормандарда және іргелес аумақтарда от жағуға. Өңірдегі өрт жағдайын бақылау үшін мониторингтің үш деңгейлі жүйесі қолданылады: жерүсті патрульдеуі, бейнебақылау камералары және ғарыштық мониторинг.

Өрт қауіпті маусымы жарияланғаннан кейін өңірдің барлық өртке қарсы күштері мен құралдары жоғары дайындық режиміне көшеді, мемлекеттік орман күзеті бекітілген мемлекеттік орман күзеті бекітілген мемлекеттік орман қоры аумақтарында жерүсті патрульдеуін күшейтеді.

Егер Сіздер өртті байқасаңыздар, оны өз бетіңізше сөндіруге тырысыңыз. Егер от күшейіп кетсе, дереу 101 және 112 бірыңғай шұғыл қызметтер нөмірлеріне (тегін), СҚО әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына 8 (715-2) 53-36-39, 8 (715-2) 53-36-45 телефондары арқылы хабарласыңыздар.

Сондай-ақ орман шаруашылығы диспетчерлік қызметінің бірыңғай телефоны жұмыс істейді: 8 (715-2) 50-67-61.

Өрттің қасынан өтіп кетпеңіздер! От - қатыгез, ол өз жолындағының бәрін: құс ұяларын, кірпілерді, көжектерді және құтылуға еш мүмкіндігі жоқ басқа да көптеген жануарлар мен жәндіктерді жояды.

Солтүстік Қазақстан облысында өрт қауіпті маусымы ағымдағы жылдың қазан айына соңына дейін жалғасады.

**Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы**

Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры аумағындағы өрт қауіпті жағдайға әсер ететін ауа райының қалыптасуына байланысты, ҚР экология және табиғи ресурстар министрлігі орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2026 жылғы 06 сәуірдегі №27-ОЗ/76 НҚ бұйрығымен өрт қауіпті маусымы жарияланды.

Жыл сайын қар жамылғысы еріп, ауа температурасы оң көрсеткіштерге жеткенде егістіктерде, шабындықтарда құрғақ шөпті өрттеу, қоқыс жағу мәселесі туындайды, бұл өрттің көбеюіне және оның іргелес орман алқаптарына таралуына әкеп соғады. Жылы күндердің басталуымен халықтың табиғатқа шығып, от жағуы жиілейді.

Өрт қауіпті кезеңінде мыналарға қатаң тыйым салынады:

- сөндірілмеген жану, бықсу көздерін (жанып тұрған сіріңке, темекі тұқылы, ыстық күл және т.б.) қалдыруға; жанғыш немесе бықсытын материалдан (қағаз, кендір және т.б.) жасалған тығындарды қолдануға;

- майланған немесе тез тұтанатын, жанғыш сұйықтармен, сондай-ақ басқа да жанғыш заттармен сіңірілген материалдарды (қағаз, мата, кендір, мақта және т.б.) қалдыруға;

- машиналар мен механизмдердің жанармай бакта-

## КӨКТЕМГІ АҢ АУЛАУ МАУСЫМЫ

**Биыл Солтүстік Қазақстан облысының аумағында 2026 жылдың 25 сәуірінен 9 мамырына дейін құр мен жабайы үйрек аталықтарына көптеміз аң аулау маусымы өтеді. «Аңшылық қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №18-03 / 157 бұйрығына сәйкес және ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің 2026 жылғы 13 ақпандағы №26-Ө бұйрығымен бекітілген шарттар негізінде аң аулауға қатаң белгіленген мерзімде рұқсат етіледі.**

Көктемгі маусымда аң аулауға тек тиісті пайдаланушыларға бекітілген аңшылық алқаптарда және жануарлар дүниесі ресурстарын өндіруге квота болған кезде ғана рұқсат етіледі.

Ағымдағы маусымның негізгі талаптары мен шектеулері:

• Үйректің аталығын аулау алдамшы үйрек немесе тұлып қолдану арқылы рұқсат етіледі.

• Қаздардың көз-келген түрін, сондай-ақ құр мен үйректің аналықтарын аулауға мүлдем тыйым салынады.

• Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген құстарды аулауға жол берілмейді.

• Аңшылық шаруашылықтары жолдамаларды сату кезінде өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқама жүргізуге және құс тұмауының алдын алу бойынша жадынамалар беруге міндетті.

**Бұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы**

Аңшы белгіленген нормаларды сақтамаудың құқықтық салдарын нақты білуі керек. ҚР ӘҚБтК 382 бабының 1 тармағына сәйкес, аң аулау ережелерін немесе жануарлар дүниесін пайдалану талаптарын бұзу, егер ол қылмыстық жауаптылыққа әкел соқпаса, елеулі әкімшілік шараларға әкел соғады. Жеке тұлғалар үшін ескерту немесе 5 АЕК мөлшерінде айыппұл қарастырылған. Ұйымдар үшін санкциялар өдеуі жоғары: шағын бизнес субъектілеріне - 25 АЕК, орта кәсіпкерлікке - 50 АЕК, ал ірі кәсіпкерлікке - 100 АЕК айыппұл салынуы мүмкін.

**Этика және популяцияны сақтау**

Көктемге аң аулаудың ақылға қонымды тәсілі - күзде бай олжаның келілі болып табылады. Өзен және сүңгуір үйректің биологиялық ерекшеліктері ерек үйректің саны өдетте аналықтардың санынан асып түседі, сондықтан сұрыптан ату популяцияға зиян тигізбейді. Үйректі тек бір өсіру

## КӨКТЕМГІ АҢ АУЛАУ - 25 СӘУІР МЕН 9 МАМЫР АРАЛЫҒЫНДА ӨТЕДІ



Көктемгі аңшылық маусымының ашылуы!

кезеңінде жұптасады, ал егер еркек ауланса, әйел тез арада басқа серіктес табады. Алайда, көктемде тіпті бір аналықтың өлімі - бұл бүкіл балапандардың тікелей жоғалуы, бұл сөзсіз алқаптардың азаюына әкеледі.

Аң аулаудың сәттілігі олжалардың санымен емес, су қоймасындағы әр адамның ішкі тәртібі мен мәдениетімен анықталады. Қызыл кітапқа енген құстар - ақуларға, пеликандарға немесе тырналарға кездейсоқ атуға жол берілмейді. Жауапты аңшы көлдердегі әріптестерінің жоғары тығыздығын және қашықтықты сақтау қажеттілігін ескере отырып, арқашан өз әрекеттерін бақылайды. Осы кезеңде уәкелелердегі тәртіпті қорықшылық қызметтер қамтамасыз ететін болады.

Сондай-ақ аңшылық алқаптарда болған кезде қоқыс қалдырмау керек, сонымен қатар өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтау

қажет.

Біздің көпшілігіміз үшін аң аулау - бұл жай ғана хобби емес, терең жеке тәжірибе және психикалық тепе-теңдікті қалпына келтіру тәсілі. Табиғатқа деген шынайы құмарлық оның мүдделерін қорғауда да білдіреді: адал аңшы ұя салу кезеңінде ешқашан құстарды атпайды немесе жас балапандарды құртпайды. Бұл тыныштық, қуту және өз ар-ұяданыңды тексеру уақыты. Тек қоршаған өлеммен құрмет байланысы арқылы адам өмірде аса маңызды үйлесімділік пен тыныштық табады. Тағы да еске салғым келеді: қарумен ерекше абай және қырағы болу керек. Тек осы жағдайда аң аулау көңілге жағымды және олжалы болады. Ендеше, аңшыларға сәтті аң аулауды тілейміз!

**Александр ШИТОВ, «Булаев орман шаруашылығы» КММ аңшылық жүргізушісі.**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 шілдедегі №190 «Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы» бұйрығымен балық ресурстарын және басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеуге шектеулер мен тыйымдар енгізілді. Бұл шектеулер мен тыйымдар балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сақтау және молықтыру мақсатында енгізілді.

## «УЫЛДЫРЫҚ ШАШУ - 2026»



Есіл бассейнінің су айдындарында аулауға (аулауға, жинауға, дайындауға) тыйым салынады:

- шортанға, аққайранға, коксеркеге - 15 сәуірден 15 мамырға дейін;

- сазанға (тұқыға) - 20 мамырдан 20 маусымға дейін;

- гаммаруска - 1 тамыздан 14 қыркүйекке дейін;

- Артемия шистасына - 1 наурыздан 15 маусымға дейін;

- өзен шаяндарына - 1 маусымнан 15 шілдеге дейін;

- Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары шегінде Есіл, Нура, Селеті өзендерінде және олардың барлық салалары мен су қоймаларында балық аулауға - 20 сәуірден 20 мамырға дейін.

Айта кететін жөйт, 13 мамырдан бастап бұйрықтың жаңа редакциясы күшіне енеді. Шектеулердің өзекті мерзімдері ресми сайтта орналастырылатын болады: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2600038112>.

Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар тәртібі балық аулау қағидаларында айқындалатын ғылыми-зерттеу (мемлекеттік тапсырыс шеңберінде), бақылау, мелиоративтік, эксперименттік аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды (мемлекеттік тапсырыс шеңберінде) жүзеге асыруға, сондай-ақ тауарлық балықты жасанды өсіру үшін пайдаланылатын су айдындарына қолданылмайды.

Сондай-ақ, синтетикалық нейлондардан және өзге де пластиктерден, монофиламенттен жасалған полиамидті монофиламенттерден және басқа да синтетикалық даражиптерден, сондай-ақ электролиздік жүйелер мен құрылғылардан жасалған желілерді қолдана отырып, және де шаншу аулау құралдарын (шанышқы, сүңгі, қақпан), өз бетінше аулау құралдарын (өзінше жасалған аулар, тартама аулар, крме аулар), жарылғыш және улы заттарды, сондай-ақ атыс қаруын қолдана отырып, балық аулауға тыйым салу үнемі қолданылады.

Яғни, қолданылуы балық аулау ережелерінде көзделмеген және рұқсат етілген көсіпшілік және көсіпшілік емес аулау құралдарының тізбесіне енгізілмеген әдістер мен тәсілдермен, аулау құралдарымен балық аулау тыйым салынады.

«Есіл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» РММ уылдырық шашу кезеңінде құқық қорғау, табиғат қорғау органдары мен қорықшылық қызметтердің өкілдерін, сондай-ақ еріктілерді тарта отырып, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын заңсыз аулауға, өткізуге, сатып алуға және тасымалдауға қарсы іс-қимыл бойынша рейдтік іс-шараларды жүзеге асыру жоспарланады.

Шектеулер мен тыйымдарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өкімшілік және қылмыстық жауапкершілік шаралары көзделген.

Анықтама телефоны: 8 (7152) 36-10-45.

**Руслан ЕРТАЕВ, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Есіл облысаралық бассейндік инспекциясы» РММ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша балық инспекциясы бөлімінің бас маманы.**



Дүйсенбі, 20 сәуір	Сейсенбі, 21 сәуір	Сәрсенбі, 22 сәуір	Бейсенбі, 23 сәуір	Жұма, 24 сәуір	Сенбі, 25 сәуір	Жексенбі, 26 сәуір
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
05.30 ӘНУРАҢ. 05.35 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.00, 02.20 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.00, 13.10, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.20, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.20, 03.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.20 Т/Х «МЕНИҢ ФАРИЗАМ». 14.30 АПТА. 15.10 «АҚОРДА». 15.25, 04.15 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 15.40 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН. 04.15 «КАЛДЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ».	05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00 АҚПАРАТ. 06.10, 02.20 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 03.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «МЕНИҢ ФАРИЗАМ». 14.20, 03.50 АҚСАУЫТ. 14.40, 04.10 ОНЛАЙН КАҚПАҢ. 15.05, 04.30 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 15.40, 21.25 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 00.35 АҚША ӘЛППЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	05.30 ӘНУРАҢ. 05.40, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.10, 02.20 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 03.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СОҒҒЫ ОЙЫН». 14.20, 02.20 ЗАҢ АЛДЫНДА. 14.40, 04.05 Д/Ф. 15.15, 04.35 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 15.40 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 00.35 АҚША ӘЛППЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	05.30 ӘНУРАҢ. 05.40, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.10, 02.20 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 03.30 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СОҒҒЫ ОЙЫН». 14.20, 03.10 УАҚЫТПЕН КҮРЕСКЕН МУРА. 14.40, 04.10 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 15.40 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 17.20, 01.15 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 06.10, 02.55 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 03.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СОҒҒЫ ОЙЫН». 14.20, 04.25 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 15.15 КӨКЖИКЕТЕН АСҚАН ҮН». 15.40 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 17.20, 01.15 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 02.05 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 00.10 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 20.00, 00.50 АҚПАРАТ. 06.05, 04.20 «АУЫЛДАСТАР». 06.40, 02.00 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 08.05, 21.20 «КӨКЖИКЕТЕН АСҚАН ҮН». 08.30 КОНЦЕРТ. 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ!». 13.50, 01.40 PRIME ERA. 14.10, 01.50 «АҚОРДА». 16.05 М/Ф. 17.40, 01.00 ҚОС ПАЛАТА. 20.10, 01.20 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.50 «БЕС ҚАРУ-2», Х/Ф. 03.25 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 04.00 УАҚЫТПЕН КҮРЕСКЕН МУРА.	05.30 ӘНУРАҢ. 05.35 АҚПАРАТ. 05.45, 04.40 «АУЫЛДАСТАР». 06.15 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.40, 02.10 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 08.05 КІТАП РЕСТАВРАЦИЯСЫ. 08.25 «ӘСЕТПІШ ӨСЕМ ӨНДЕРІ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «КӨКЖИКЕТЕН АСҚАН ҮН». 13.35 ІЗІЛІК ФОРМУЛАСЫ. 13.50 М/Ф. 15.25 «БЕС ҚАРУ-2», Х/Ф. 17.40, 01.55 «АҚОРДА». 20.00, 01.15 АПТА. 20.40 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 21.30 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ!». 23.10 «90+», Х/Ф. 03.35 УАҚЫТПЕН КҮРЕСКЕН МУРА. 03.55 «ІНЖУ-МАРЖАН».

Дүйсенбі, 20 сәуір	Сейсенбі, 21 сәуір	Сәрсенбі, 22 сәуір	Бейсенбі, 23 сәуір	Жұма, 24 сәуір	Сенбі, 25 сәуір	Жексенбі, 26 сәуір
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00, 01.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 ӘЛЕУМЕТ. 09.30 КӨЗҚАРАС. 10.00, 23.00 Т/Х «ЭШРЕФТІҢ АРМАНЫ». 12.00, 21.00 COVER SHOW. 14.00 М/Ф. 15.00 «РАБОТОРГОВЛЯ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 «НАМ ВСЕМ КОНЕЦ», Х/Ф. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШРЕС. 03.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 01.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 09.30 МИРОВЫЕ НОВОСТИ. 09.45 ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ. 10.00, 23.00 Т/Х «ЭШРЕФТІҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.00 «НАМ ВСЕМ КОНЕЦ», Х/Ф. 16.30, 21.10 COVER SHOW. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 «СОЛДАТЫ НЕУДАЧНИ», Х/Ф. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШРЕС. 03.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 01.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 09.30 МИРОВЫЕ НОВОСТИ. 09.45 ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ. 10.00, 23.00 Т/Х «ЭШРЕФТІҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.00 «СОЛДАТЫ НЕУДАЧНИ», Х/Ф. 16.40, 21.10 COVER SHOW. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 «СИДНИ УАЙТ», Х/Ф. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.20 КЕШРЕС. 03.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 01.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 НЕОСЕТЬ. 09.30 МИРОВЫЕ НОВОСТИ. 09.45 ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ. 10.00, 23.00 Т/Х «ЭШРЕФТІҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.00 «СИДНИ УАЙТ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 «ПЕТЛЯ ВРЕМЕНИ», Х/Ф. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШРЕС. 03.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 01.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 ХАҚЫН БАР. 09.30 МИРОВЫЕ НОВОСТИ. 09.45 ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ. 10.00, 23.00 Т/Х «ЭШРЕФТІҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф «МАЛЕНЬКИЙ ВАМПИР». 15.25 М/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 «ВОЙНА ТОКОВ», Х/Ф. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 ҚОҒАМ ШКІРІ. 03.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 00.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.35 «БАЛАМ ҮШІН...». 10.00 М/Ф. 11.25 М/Ф. 12.00 «БАРБОСКИНЫ». 14.00 Х/Ф. 14.00 ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 15.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 7 КҮН. 19.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 20.00 COVER SHOW». 22.00 «СУПРУГИ МОРГАН В БЕГАХ», Х/Ф. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 23.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «БАРБОСКИНЫ». 11.45 «СУПРУГИ МОРГАН В БЕГАХ», Х/Ф. 13.45 ӨМІР ӨРНЕГІ. 15.00 АЗАМАТ. 16.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 7 КҮН. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.15 «НУ ЧТО, ПРИНЕХАЛИ?», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 20 сәуір	Сейсенбі, 21 сәуір	Сәрсенбі, 22 сәуір	Бейсенбі, 23 сәуір	Жұма, 24 сәуір	Сенбі, 25 сәуір	Жексенбі, 26 сәуір
<b>7 ЕВРАЗИЯ</b>	<b>7 ЕВРАЗИЯ</b>	<b>7 ЕВРАЗИЯ</b>	<b>7 ЕВРАЗИЯ</b>	<b>7 ЕВРАЗИЯ</b>	<b>7 ЕВРАЗИЯ</b>	<b>7 ЕВРАЗИЯ</b>
06.00, 04.15 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 13.20 АНАЛПТИКА. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.30 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00, 00.40 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ-10». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 04.15 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.30 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00, 00.40 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ-10». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 04.15 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.30 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00, 00.40 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ-10». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 04.15 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.30 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00, 00.40 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ-10». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 04.15 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.30 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ПРОДАЕТСЯ ДОМ С СОБАКОЙ». 02.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.45 «П@УТИНА». 06.35 «ТЕБЕ. НАСТОЯЩЕМУ», Х/Ф. 08.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 08.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 09.00 «ГОРОДСКОЙ ПЕЙЗАЖ», Х/Ф. 10.45 «ПРОДАЕТСЯ ДОМ С СОБАКОЙ», Х/Ф. 15.00 QOSLIKE. 18.00 «СОЛЖА БОЛЫП КАЛДЫ», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАМЕН ЕЛ. 21.00 «ПРИКАЗА УМИРАТЬ НЕ БЫЛО», Х/Ф. 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.55 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА».	06.00 Т/С «ТЕБЕ. НАСТОЯЩЕМУ». 07.20 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 08.00 ЗАМЕН ЕЛ. 08.25 Т/С «НЕФРИТОВАЯ ЧЕРЕПАХА». 12.20, 15.00 «СЕМЕЙНЫЙ ПОРТРЕТ», Х/Ф. 14.00 «ГОВОРИМ О ГЛАВНОМ». 17.45 «МОЙ ЧУЖОЙ РЕБЕНОК», Х/Ф. 20.00 АНАЛПТИКА. 20.50 «АНЫКАЙЫМЫЗ. Р. ОТЕПБАЙМЫН». 21.40 Т/С «ПРИКАЗА УМИРАТЬ НЕ БЫЛО». 02.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.50 «П@УТИНА».

- Сұлулық, әдептілік, білімділік, сезімділік, өрлік, даналық - бәрі де жеке адамның меншігінде емес, ең алдымен, елдің, халықтың еншісі.  
Fabum MYCIEPEOB.



КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА ОТЫРЫСЫ



# БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ БАСЫМ МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

14 сәуір күні аудандық Мәдениет үйінің базасында «2025 жылдағы білім беру жүйесінің даму қорытындылары және 2026 жылға арналған міндеттер» тақырыбында кеңейтілген алқа отырысы өтті.

Алқа жұмысына аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Қарабаев, білім беру ұйымдарының директорлары, бөлімнің мамандары мен әдіскерлері, педагогикалық еңбек ардагерлері қатысты. Отырыс аудан әкімінің орынбасары Абай Қазисовтың төрағалығымен өтті. Сонымен қатар, алқа отырысына білім беру саласындағы мемлекеттік кадр саясатын іске асыру бөлімінің бас маманы Ж.А. Айтқожина қатысты. Алқа барысында білім бөлімінің басшысының баяндамасы тыңдалып, 2025 жылғы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы кезеңге арналған басым міндеттер айқындалды. Оқыту сапасын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылып, ауданның білім беру ұйымдарының рейтингі тағы-



тырылды. Қатысушылар «Аққайың» жазғы сауықтыру лагерінің жұмысын талқылап, сондай-ақ инклюзивті білім беру аясындағы №2 Булаев орта мектебінің халықаралық ынтымақтастық



тәжірибесімен танысты. Облыстық білім басқармасының бас маманы Ж.А. Айтқожина оқыту сапасын арттыру, педагогтарды аттестаттау және кадрлармен тиімді жұмыс жүргізу

мәселелеріне ерекше тоқталды. Кеңес қорытындысы бойынша тиісті тапсырмалар берілді. Алқа аясында салтанатты марапаттау рәсімі өтіп, «Еңбек ардагері» медалімен Полудин орта мектебінің көркем еңбек және технология пәнінің мұғалімі Валерий Петрович Иванчук марапатталды. Возвышенка орта мектебінің директоры Муканова Айгүл Еркінқызына және Полудин орта мектебінің директоры Икметова Тайба Қажтайқызына «ADILET CUP – 2026» облыстық дебат турнирінің кубогы табыс етілді. Сондай-ақ Медвежка орта мектебінің директоры Әмренова Мерей Ағыбайқызы қазақ тілі мен әдебиеті және математика пәні мұғалімдеріне арналған оқу және математикалық сауаттылық бойынша «Oi Sanduq» зияткерлік байқауының республикалық кезеңінде жеңіске жеткені үшін грамотамен марапатталды.

Мағжан Жұмабаев аудандық білім бөлімі.

МЕКТЕП ТЫНЫСЫ

## МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ - КӨШБАСШЫЛЫҚТЫҢ ШЫҢДАЛАТЫН ОРТАСЫ

*Мектеп - әрбір оқушының өзі-өзі басқаруға танытатын, азаматтық ұстаныммен қалыптастыратын үлкен әлеуметтік кеңестік. Бүгінгі таңда мектептің күнделікті тығыз тіршілігін жандандырып, оқушылар мен ақпараттық ортасындағы ақпарат көзіне айналған «Мағжан ұрпақтары» мектеп парламентінің маңызы өте зор.*




Парламент — бұл жай ғана жиналыстар жиыныты емес. Бұл — оқушылардың өз мәселелерін өздері шешуіне мүмкіндік беретін нақты демократиялық жүйе. Мұнда әр оқушының пікірі құнды, әр идеяның жүзеге асуына мүмкіндік бар. Президент ретінде менің басты міндетім — осы жүйенің ашық, әділ әрі нәтижелі жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Парламенттің жұмысы фракциялар арқылы жүзеге асады. Олардың әрқайсысы

мектеп өмірінің белгілі бір саласына жауапты: ақпарат, спорт, мәдениет және құқық бағыттарында жүйелі қызмет атқарып келеді. Бұл фракциялардың жұмысы — үйлесімді жұмыс істейтін үлкен механизмнің орта. Біз бірлесіп әрекет еткенде ғана мектептегі күндеріміз мағыналы әрі қызықты болады. Әрбір фракция мүшесі өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, мектебіміздің дамуына нақты үлес қосуда. «Мағжан ұрпақтары» — бұл болашақ көшбасшылар тәрбиеленетін орта. Бұл жүйенің артықшылығы сол — біз мұнда жауапкершілікті арқалауды, командамен жұмыс істеуді және ортақ мақсатқа жетуді үйренеміз. Бұл тек бүгінгі мектеп өмірі үшін емес, біздің ертеңгі тұлғалық дамуымыз үшін де таптырмас тәжірибе алаңы. Мағжан Жұмабаев ағамыз сенім артқан жайында жастар ретінде біз мектебіміздің абыройын асқақтатуға тиіспіз. «Бірлік бар жерде - береке бар» демекші, біздің парламент пен фракциялардың үйлесімді жұмысы — мектебіміздің алға басуының басты кепілі. Егер сен мектебіміздің дамуына үлес қоссам десең, біздің қатарымызға қосыл!

**Шынар ТӘНІРБЕРГЕН,**  
**Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің президенті.**

## ТАБИҒАТ ЖАНАШЫРЛАРЫ: ЭКОЛОГИЯ ФРАКЦИЯСЫНЫҢ ТЫНЫСЫ



Мектеп парламенті, Экология фракциясы – қоршаған ортаға бейжай қарамайтын, табиғатты аялауды мақсат тұтқан оқушылардың басын қосатын орта. Біздің басты мақсатымыз - мектебіміздің тазалығын сақтап, әр оқушының бойында экологиялық жауапкершілікті ояту. Жуырда фракция мүшелері үшін ерекше оқиға орын алды. Каникул кезінде біз Петропавл қаласындағы Ботаникалық баққа арнайы саяхат жасадық. Бұл экскурсия барысында оқушылар тропикалық өсімдіктердің сирек түрлерін көріп, табиғаттың тылсым дүниесімен танысты. Саяхаттан алған әсеріміз мол, бұл біздің алдағы жұмысымызға үлкен шабыт берді. Фракцияның күнделікті жұмысы да өте қызықты әрі мазмұнды. Біз мек-

теп іші мен ауласының тазалығын қадағалап, «Таза Қазақстан» акциясы аясында тұрақты түрде сенбіліктер өткізіп тұрамыз. Сонымен қатар, сыныптарда табиғатты қорғау, суды үнемдеу және қалдықтарды дұрыс сұрыптау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, қайта өңделген заттардан бұйымдар жасаумен айналысамыз. Біз әрбір ісіміз арқылы мектебіміздің көркейіп, таза бола тұсуыне үлес қосқымыз келеді. Табиғатты қорғау — біздің ортақ парызымыз. Егер сен де тазалық пен сұлулықты сүйсең, Экология фракциясының жұмысына атсалысуға шақырамыз!

**Айнур НҰРТАС,**  
**Экология фракциясының көшбасшысы.**  
**Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп.**

<p>Директор - бас редактор <b>Неля ГОБЧАР</b></p> <p>Газеттің міншік иесі: <b>«Акта» «Вест» ЖШС</b></p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баты көшесі, 13 үй.</p> <p>Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет антасына 1 рет бейсенбі күні шығады.</p> <p>Жазылу индексі - 65360</p>	<p>«Magjan Juldizy» газеті редакцияда терісін беттеледі. «Сенерий Қазақстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Коммуков к-сі, 5 үй). Тарауымы - 600</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырмасы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудің ресми басылым болып табылады.</p>
---	--	---	---	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г күәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғамдағулар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің міншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселесі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.